



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ
ДАМУ МИНИСТРЛІГІ




«РУХАНИ ЖАҒЫРУ»
ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ
ДАМУ ИНСТИТУТЫ» КЕАҚ

МЕДИАЦИЯ ДАУЛАР МЕН ҚАҚТЫҒЫСТАРДЫ ШЕШУ ЖӘНЕ ҚОҒАМДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ШИЕЛЕНІС ДЕҢГЕЙІН АЗАЙТУ ТӘСІЛІ РЕТІНДЕ

ТАЛДАМАЛЫҚ ЕСЕП
АНАЛИТИЧЕСКИЙ ОТЧЕТ

МЕДИАЦИЯ КАК СПОСОБ
РАЗРЕШЕНИЯ СПОРОВ И
КОНФЛИКТОВ И СНИЖЕНИЯ
УРОВНЯ СОЦИАЛЬНОЙ
НАПРЯЖЕННОСТИ В ОБЩЕСТВЕ

Нұр-Сұлтан, 2020



**«Медиация даулар мен қақтығыстарды шешу және қоғамдағы
әлеуметтік шиеленіс деңгейін азайту тәсілі ретінде»
тақырыбындағы талдамалық есеп**

ӘӨЖ 340
КБЖ 67.0
М 39

«Медиация даулар мен қақтығыстарды шешу және қоғамдағы әлеуметтік шиеленіс деңгейін азайту тәсілі ретінде». – Нұр-Сұлтан қ.: «Рухани Жаңғыру» КЕАҚ, 2020. – 100 б.

ISBN 978-601-332-967-3

ӘӨЖ 340
КБЖ 67.0

ISBN 978-601-332-967-3

© «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты, 2020

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	6
ЖОБАНЫҢ ҚЫСҚАША РЕЗЮМЕСІ.....	7
1-БӨЛІМ. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЗАМАНАУИ МЕДИАЦИЯ (МЕДИАЦИЯНЫҢ ЖАЛПЫ ЖАЙ-КҮЙІ)	15
1.1 ҚР-да медиацияны құқықтық реттеу	16
1.1.1. ҚР медиация саласындағы заңнамасы	17
1.2 Медиаторларды оқытумен айналысатын қазақстандық ұйымдарды талдау	23
1.2.1. Медиаторларды оқытатын бірлестіктердің жұмыс істеу тарихы	24
1.2.2. Жұмыс тізімін жасау технологиясы	25
1.2.3. Зерттеудің соңғы тізімі.....	26
1.3 Кәсіби емес медиаторлардың жұмысын талдау.....	35
1.4 Салалық медиаторлардың қызметін талдау.....	38
1.4.1. Еңбек дауларын шешуде медиацияның қалыптасуы.....	38
1.4.2. Бизнес-медиацияның қалыптасуы	39
1.4.3. Отбасылық медиацияның қалыптасуы	40
1.4.4. Мектеп медиациясының қалыптасуы.....	41
1.4.5. Қазақстанда медициналық медиацияның қалыптасуы	43
1.4.6. Этносаралық қатынастарда медиацияның қалыптасуы	46
2-БӨЛІМ. МЕДИАЦИЯЛЫҚ ТЕХНИКАЛАР АРҚЫЛЫ ҚОҒАМДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ШИЕЛЕНІСТІ ТӨМЕНДЕТУ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР МЕН ҰСЫНЫСТАР	49
2.1 Экономикалық жағдай әлеуметтік шиеленістің факторы ретінде	49
2.1.1. Пандемия басталғанға дейінгі инфляция және сатып алу қабілеті	49
2.1.2. Еңбекке қатысты қақтығыстар	51
2.1.3. Мәдениетаралық қақтығыстар	54
2.1.4. Covid-19 пандемиясы жағдайында медиациялық техникалардың көмегімен әлеуметтік шиеленісті азайту	57
2.2 Медиация синтезін және ақпараттық-коммуникативтік технологияларды құру	60
2.3 Дауласушы тараптарға қолжетімді гибриді техникаларды қолдану.....	65
3-БӨЛІМ. ПРАКТИКАЛЫҚ КЕЙСТЕР	68
3.1 Шет елдердегі татуласу институттарының құқықтық алаңына шолу.....	68
3.2 Әлеуметтік шиеленістің триггерлері.....	79
3.3 Шетелдік тәжірибеден кейстер мысалдары.....	80
3.3.1. Саяси медиация	80
3.3.2. Отбасылық буллинг	83
3.3.3. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы құқықтық дауларды реттеу.....	84
3.3.4. Діни көзқарастармен байланысты даулардағы медиация.....	84
3.3.5. Жасөспірімдер ортасында жанжалды мінез-құлықтың профилактикасы.....	86
3.3.6. Төтенше жағдайларды жою кезіндегі медиация.....	88
3.4 Қазақстан үшін кейстер әзірлеу.....	89
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	96

КІРІСПЕ

Осы құжат «Медиация даулар мен қақтығыстарды шешу және қоғамдағы әлеуметтік шиеленіс деңгейін азайту тәсілі ретінде» кабинеттік зерттеу нәтижесі бойынша дайындалған талдамалық есеп болып табылады.

Зерттеуді «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты 2020 жылғы 30 қаңтардағы №2020-12-ГЗ шартты орындау мақсатында іске асырды.

Зерттеуде медиация саласындағы шет елдердің тәжірибесі сипатталған, осы тәжірибені Қазақстанның шынайы өмірінде қолдану бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар берілген, даулар мен қақтығыстарды шешудің тәсілдері ретінде кейстер әзірленген, оқыту ұйымдарына талдау жасалған.

Зерттеу нәтижелері медиаторларға, медиация техникаларын зерттеуге мүдделі адамдарға, медиаторлар мен соттарды оқытатын ұйымдарға арналған.

Зерттеу тобы ҚР АҚДМ Азаматтық қоғам істері комитетіне, сарапшы-медиаторларға зерттеуді ұйымдастыруға қатысқаны және көмектескені үшін алғыс білдіреді.

Зерттеудің мақсаты – қақтығысты шешудің баламалы тәсілдерін (кейстерін) іздеу, даулар мен қақтығыстарды шешу және қоғамдағы әлеуметтік шиеленіс деңгейін төмендету үшін ұсынымдар мен ұсыныстар әзірлеу.

Сот процедурасына қарағанда медиация позицияларды қорғаудан гөрі мүдделерді анықтауға және келісуге және өткен оқиғаларды талдаудың орнына болашақты талқылауға бағытталған.

Зерттеудің міндеттері:

- 1) Қазақстандағы медиацияның қазіргі жай-күйін бағалау;
- 2) медиаторларды оқытуды жүргізетін ұйымдарды талдау;
- 3) медиациялық техникалар арқылы қоғамдағы әлеуметтік шиеленісті азайту бойынша практикалық ұсынымдар мен ұсыныстар;
- 4) медиация кезінде қолданылатын гибриді техникаларды талдау.

Зерттеу әдістері:

– кабинеттік зерттеулер (ашық дереккөздерден алынған материалдарды жинау және талдау).

Жүргізу мерзімі: зерттеу бойынша ақпаратты жинау 2020 жылғы ақпан-маусым айларында жүргізілді.

ЖОБАНЫҢ ҚЫСҚАША РЕЗЮМЕСІ

Қазақстанда медиация біртіндеп дамып келеді және қоғамдық қызметтің әртүрлі салалары мен эконимика салаларында кеңінен таралуда. Еңбек дауларын шешуде, бизнесте, мектептерде, соттарда (мысалы, отбасылық медиация, бірақ ол ғана емес), этносаралық және мәдениетаралық қатынастарда, денсаулық сақтау саласында қолданылады.

Біртіндеп, қоғам арасында *медиацияны тұлғааралық қақтығыстарды шешудің тәсілі ретінде ғана емес, сонымен бірге қоғамдағы әлеуметтік шиеленісті азайтудың тәсілі ретінде қарастыратын*, «топтың жай-күйін әлеуметтік энергия қозғалысының (алмасудың) қарқындылығын айқындайтын индивидтің эмоционалды, рухани және психикалық жағдайының тұрақсыздығының жоғары деңгейі негізінде қалыптасатын, оның ауқымына қарамастан сипаттайтын көп қырлы динамикалық құбылыс деп түсінілетін кең көзқарас бар. Әлеуметтік шиеленіс әлеуметтік қақтығыстың аралық (бастапқы) буыны болып табылады және деструктивті де, сындарлы да сипатта болуы мүмкін».

Өз кезегінде әлеуметтік шиеленіс факторларын осылайша жүйелеуге болады:

1) негізгі өнімдер мен тауарларға бағаның өсуіне байланысты әлсіз, ұзақ уақыт бойы нашарлап келе жатқан экономикалық жағдай, сондай-ақ ұлттық валютаның үнемі өсіп келе жатқан инфляциясы;

2) демократия және сөз бостандығы мен азаматтардың қалауын білдіру деңгейінің төмендеуі;

3) мемлекеттік қызметтерді алу кезіндегі бюрократияның жоғары деңгейі;

4) мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық әрекеті;

5) білім берудегі, денсаулық сақтау мен саудадағы дамымаған инфрақұрылым;

6) мемлекеттің әлсіз сыртқы саяси қызметі.

Осы талдамалық есеп қазіргі Қазақстандағы кәсіби және кәсіби емес медиацияның ағымдағы жай-күйін бағалайды, сондай-ақ қоғамдағы әлеуметтік шиеленіс деңгейін төмендетуге ықпал ететін даулар мен қақтығыстарды шешудің практикалық кейстерін ұсынады.

Зерттеу көрсеткендей, *медиациялық техниканы әлеуметтік шиеленісті азайтуда пайдалануға болады, ал жаңа ақпараттық және коммуникациялық технологиялар онлайн – медиацияны жүргізуге елеулі сынақ болып табылады.*

Талдау негізінде келесі практикалық ұсынымдар әзірленген:

ҚР-дағы медиацияны құқықтық реттеу:

1) кәсіби медиация үшін қажетті талап ретінде «жасы» алынып тасталсын және «біліктілік талаптарымен» ауыстырылсын.

2) осы қызметтің сапасын жақсарту мақсатында медиация бойынша магистрлік бағдарламаларды әзірлеу бойынша АҚШ пен ЕО практикасын енгізу.

Медиатордың қызметі кәсіби негізде де (кәсіби медиатор), сондай-ақ кәсіби емес негізде де жүзеге асырылуы мүмкін.

Мыналар:

– қырық жасқа толған және кәсіпқой емес медиаторлар тізілімінде тұрған адамдар;

– Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне сәйкес сотта татуластыру рәсімдерін жүргізу кезінде судьялар медиатор қызметін кәсіби емес негізде жүзеге асыра алады.

3) Еуропа елдерінің үлгісі бойынша «кәсіби емес медиатор» анықтамасын «әлеуметтік медиатор» анықтамасымен ауыстыру.

4) «Мамандандырылған медиация курсы» атауын «медиацияны қолдану саласы» атауымен ауыстыру.

5) бір бағыт бойынша «Мамандандырылған медиация» курсын енгізу.

6) қолданыстағы бағдарламаларға енгізілмеген «қақтығысты талдау» тақырыбы бойынша оқытуды кеңейту.

7) «Кім оқытса, ол сертификаттамайды» деген ережені енгізу;

8) уәкілетті органға немесе ұйымға оқытылған медиаторларды сертификаттау құқығын беру;

9) уәкілетті орган Қазақстанда медиаторлардың жалпы тізілімін өзі белгілеген өлшемдер бойынша жүргізе алады.

Салалық медиаторлардың жұмысын талдау: Қазақстан бойынша салыстырмалы кесте:

1) медиаторларды оқыту бағдарламасына топтар арасындағы еңбек дауларын шешу жөніндегі мәселелер блогын енгізу;

2) медиаторға институционалдық мәртебе беру, мысалы, Испанияда медиатордың міндетіне әлеуетті кедергілерді зерделеу және олардың өршуіне жол бермеу кіреді;

3) Қазақстанға қолданылатын модельдердің үлгісі бойынша жұмыс орнында медиацияны дамыту.

4) медиаторлар ұйымдарының орталық және жергілікті деңгейдегі кәсіпкерлер палатасымен іскерлік байланыстарын жандандыру. Заңнаманың кейбір жетілдірілмеген бөлігіне байланысты бизнесмендер арасында медиациялық сипатта болатын белгілі бір қайшылықтар мен дау-дамайлар туындайды. Медиацияны кеңінен қолдану еліміздегі бизнес ахуал мен бизнес ортаны жақсартуға алып келеді.

5) «отбасылық медиация» бағыты бойынша түсіндіру науқанын ұйымдастыру және оған мұқтаж адамдарға (оның ішінде халықтың осал әлеуметтік топтарына жататын адамдарға) көмек көрсету;

6) науқан шеңберінде ерлі – зайыптылық негізде, бірақ некесіз бірге тұратын ерлі-зайыптылар үшін медиацияның қолда бар әлеуетін көрсету (егер мұндай жұп алшақтаса, онда балалардың мүдделерін жалғыз қорғаушы-сот араласпайды, сондықтан бұл мәселеде медиатор көмек көрсете алады);

7) отбасылық медиация аясын кеңейту және отбасылық қақтығыстар мәселелерін шешуде ажырасу медиациясының шегінен шығу;

8) тек медиациялық сессиялармен ғана шектелмейтін отбасылық медиация нысандарын әртараптандыру үрдісін дамыту (Каталония үлгісі бойынша «қауіпсіз аймақты» дамыту – басқа ата-ана тыныш болатындай, балалардың жан тыныштығы сақталатындай және ешкім оларды басқа ата-анаға қарсы қоймайтындай, медиатордың қатысуымен ата-ананың балаларымен кездесу өткізетін орын).

9) мұғалімдерді олардың біліктілігі үшін өз бетінше және еркін біліктілік курстарын, оның ішінде медиация курстарын таңдай алатын материалдық ресурстармен қамтамасыз ету;

- 10) ата-аналар арасында мектеп медиаторына деген сенімді арттыруға бағытталған түсіндіру науқанын ұйымдастыру;
 - 11) балаларды медиация бойынша оқытуды ұйымдастыру және оларды Қазақстан мектептеріндегі осы процеске белсенді қатысушылар қатарына қосу;
 - 12) денсаулық сақтаудағы медиация мүмкіндіктерін түсінуді арттыру және дәрігерлердің оның мүмкіндіктеріне сенімін нығайту;
 - 13) медициналық қызмет көрсетумен айналысатын персоналдың барлық санаттарына медиацияны үйренуге мүмкіндік беру;
 - 14) медициналық ұйымдармен бірлесіп медиация қызметін жолға қою;
 - 15) мемлекет, денсаулық сақтау жүйесі мен азаматтық қоғам арасында денсаулық сақтаудағы медиацияны қаржыландыру тетігін құру туралы диалогты бастау;
 - 16) оқыту бағдарламасына «Медиация. Медициналық медиацияның ерекшеліктері» пәнін енгізу кезінде Қарағанды мемлекеттік медициналық университетінің тәжірибесін негізге алу.
 - 17) кадрларды оқыту арқылы өңірлердегі ҚХА құрылымдық бөлімшелерінің әлеуетін нығайту;
 - 18) Қазақстан халқы Ассамблеясы шеңберінде жұмыс істейтін медиаторлардың қызметіне ақы төлеу мәселесін шешу;
 - 19) Ассамблея мен медиацияны өз кәсібіне айналдырған медиаторлар арасындағы қатынастар мәселесін шешу.
- Әлеуметтік шиеленісті азайту бойынша практикалық сипаттағы ұсынымдар мен ұсыныстар:*
- 1) ықтимал қақтығыс аймақтарын алдын-ала анықтау;
 - 2) ықтимал қақтығыстарды анықтау;
 - 3) қақтығыстар кезіндегі іс-қимыл жоспары мен коммуникациялар жоспарын дайындау, оған оқытылған медиаторларды, келіссөз жүргізушілерді және делдалдарды қосу;
 - 4) әділ болу және бейтарап түрде әрекет ету. Медиаторда әділдіктің жоқтығы туралы кішкене күдік медиатордың беделін төмендетеді немесе медиациядан шығуға алып келеді;
 - 5) қақтығыстың барлық тараптарына медиацияның не екенін және оның мүмкіндіктері қандай екенін түсіндіру;
 - 6) қақтығыс тараптарына қақтығысты тезірек шешу және оның нәтижесі тек оларға байланысты екенін атап өту;
 - 7) әрқашан наразылық білдірушілерден өкілдерді, бірақ наразылық білдірушілердің барлығымен сөйлесудің орнына 3-5 адамды таңдауды талап етіңіз;
 - 8) наразылық білдірушілер өкілдерінің өкілеттіктерімен алдын ала танысу (олардың мандаты қандай);
 - 9) көпшілікті жинамау үшін мүмкіндігінше адамдардың шағын аумаққа шоғырлануынан аулақ болу керек;
 - 10) заң үстемдігін қатаң ұстану және жанжалдасушы тараптардың арасында медиацияны қақтығысты шешу мақсатында емес, өз мақсаттары үшін пайдалануға тырысатындардың бар-жоғын түсінуге тырысу;
 - 11) жанжал тудырушы тараптарға медиациялық процесті тоқтату туралы ұстанымдар болса оның неге алып келетінін ескерту.

Еңбек қақтығысы кезіндегі ұсынымдар:

- 1) еңбек қақтығыстары кезіндегі ең қолайсыз стратегия-бұл еңбек қақтығысын басу: кейбіреулерді қорқыту, басқаларын сатып алу, үшіншісімен келісу;
- 2) «қақтығыс-арандатушылықтың нәтижесі» деген пікірден бас тарту;
- 3) әуесқойлық әрекеттерден бас тарту және конфликтология бойынша сарапшыларға, соның ішінде медиаторларға жүгіну;
- 4) мағынасыз профилактикалық әңгімелерден бас тарту.

Не істеу қажет:

- 1) ҚР Еңбек кодексінде делдал – еңбек қатынастарының тараптары еңбек дауын шешу жөнінде қызметтер көрсету үшін тартатын жеке немесе заңды тұлға деген ұғым бар;

Делдалдарды толық пайдаланбайды, өйткені делдалдарды дайындаумен ешкім айналыспайды.

Мыналар:

- Делдалдарды оқытудан өткізу;
- ҚР Кәсіподақтар федерациясы базасында дайындалған делдалдар тізілімін жасау ұсынылады;

2) еңбек дауларында бір жағдай – жұмысшылардың ұйымдастырылуы және мықты кәсіподақтардың болуы негізгі мәнге ие;

Еңбек дауларын – **мемлекет-жұмыс берушілер-кәсіподақтар** сияқты үшжақты диалог негізінде шешу қажет.

Осы элементтердің бірі болмаған кезде ешқашан өркениетті наразылықтар болмайды, онда келіссөздер, делдал немесе медиатордың көмегімен өзара қарым-қатынастардың болашақ дамуы туралы келісуге болады.

Тек «жабайы» (заңсыз) ереуілдер болады, олар әдетте адамдардың жарақаттануымен, мүліктің және меншік иелері көліктерінің қирауымен аяқталады.

Мыналар: еңбек қатынастарын реттеу мәселелері бойынша олардың мүдделерін және еңбек қатынастарымен тікелей байланысты өзге де өкілдер-ді келісуді қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік органдармен әлеуметтік әріптестік мүмкіндіктерін (жұмыскерлер (жұмыскерлер өкілдері), жұмыс берушілер (жұмыс берушілер өкілдері) арасындағы өзара қарым-қатынастар жүйесін пайдалану;

3) қақтығыстың нақты себептерін табу, оларды қақтығысқа қатысушылардың позицияларымен, мүдделерімен және қажеттіліктерімен байланыстыру;

4) заңның үстемдігін сақтау, жазаның өзі ештеңеге алып келмейді;

5) қақтығыстың нақты себептері анықталғаннан кейін санкциялар қолдану;

6) медиацияны қолдану кезінде басқа құралдарды (билер институты) пайдаланбау **ұсынылады;**

Маңғыстау облысындағы 2011-2012 жылғы еңбек қақтығыстарында дәстүрлі қоғамның қақтығыста-

рын шешуге бағытталған бұл институт қазіргі заманғы қақтығыстарды шешу кезінде пайдасыз болып шықты.

7) еңбек қақтығыстарында медиацияны жүргізу кезінде қақтығыс тудырушы тараптарды дұрыс анықтау маңызды.

Факт айқын көрінеді, бірақ бұл жай ғана көрінеді. Көптеген қақтығыстар эскалацияның қатал динамикасына кірді, өйткені олардағы тараптар дұрыс анықталмады.

Мәселен, Жаңаөзенде жұмысшылар мен олардың жұмыс берушілері арасында мерзімі өтіп кеткен шарттарға байланысты кейбір қақтығыстар орын алды, ал жұмысшылар наразылық білдіріп, әкімдікке шағымданды.

Мұндай қақтығыста қақтығыс тарапы емес әкімдік медиатор рөлін алады, себебі қақтығыс тудырушы тарап болып табылмайды.

Этникалық қақтығыстар кезінде әлеуметтік шиеленісті төмендетудің медиациялық техникалары:

1) этносаралық және мәдениетаралық шиеленісті мониторингілеу тетігін жасау;

2) ҚР өңірлерінде этносаралық және мәдениетаралық қақтығысқа мониторинг жүргізу;

3) деректермен танысу, оларды талдау және мониторинг деректері бойынша ұсынымдар дайындау;

4) бұрын туындаған қақтығыстарға толық талдау жүргізу, этносаралық қақтығыстардың алдын алу жөніндегі стратегияларды, тактикаларды және нақты қадамдарды әзірлеу;

5) жүргізілген мониторинг деректері бойынша ықтимал этникалық қақтығыстардың белгіленген орындары бар картаны алдын ала әзірлеу;

6) әр органның рөлі нақты көрсетілген этникалық қақтығыстар кезіндегі іс-қимылдар мен коммуникациялардың дайын жоспарының болуы;

7) мәдениетаралық қақтығыстар тек мәдени топтарды орналастыру (бір-біріне өзара бейімделу) арқылы шешілетінін есте сақтау;

8) этносаралық даулар мен қақтығыстарға маманданған медиаторлар пулын дайындау;

9) сәйкестікке деген қажеттілік адамның табиғи қажеттілігі, ал этникалық сәйкестілік адам өмірінің негізгі активтерінің бірі болғандықтан, этносаралық медиатор орта мерзімді перспективада өзгере алатын, ал жүріс-тұрысы заңдармен, дәстүрлермен және жақсы моральдармен реттелетін жеке тұлғаға шабуыл жасамауы керек;

10) этносаралық медиатор қақтығыстың барлық тараптарын жақсы білуі және олардың сеніміне ие болуы керек;

Медиатордың қақтығыс туындаған жерде тұруы ұсынылады;

11) этносаралық медиатор қақтығыстан кейінгі қалпына келтіру саласында жақсы дайындығы болуы немесе сарапшымен бірге қақтығыстан

кейінгі қалпына келтіру бойынша жұмыс істеуі керек, өйткені этникалық қақтығыстар кейде жылдар мен онжылдықтар бойы этникалық жадыда қалатын ұзақ уақытқа созылатын салдарға бейім;

12) Қазақстан халқы Ассамблеясының ресурсын пайдалану;

13) этникалық қақтығыстар кезінде жанжалдарды шешудің дәстүрлі тетіктеріне және ақсақалдардың беделіне толық сенуге болады;

14) этникалық қақтығыстар кезінде жергілікті қауымдастықты немесе белгілі бір этникалық топқа сәйкес келетін сипаттамаларды жақсы білетін кәсіби емес (қоғамдық) медиаторлар әсіресе пайдалы болуы мүмкін;

15) этникалық қақтығыстарды басқару кезінде мұндай қақтығыстардың бұрынғы тәжірибесін мұқият зерттеп, олардан қажетті сабақтар алу керек;

16) этникалық қақтығыстар адамның негізгі жеке басының біріне қатысты және ұзақ мерзімді салдары болғандықтан алдын алу өте маңызды.

Медиациялық техникаларды қолдану арқылы әлеуметтік шиеленісті азайтуға арналған ұсынымдар:

1) барлық деңгейлерде – ұлттық, өңірлік, жергілікті-нақты жазылған міндеттері бар іс-қимылдар мен коммуникациялар жоспарын әзірлеу;

2) ықтимал қақтығыстардың тізімін олардың байыптылық дәрежесіне қарай әзірлеу;

3) олардың салдарын ескере отырып, ықтимал шешімдерді алдын ала «жоғалту»;

4) еліміздегі ахуал туралы мемлекет тарапынан ұдайы және адал хабардарлық. Мұны қалай жасау керектігін Президент Қ. Тоқаев пен Елбасы Н. Назарбаев көрсетті, олар бұған арнайы назар аударды;

5) барлық әлеуметтік топтар мен секторлардың барлық шағымдары мен талаптарын назарға алып, мемлекет не істей алмайтынын ашық айту керек;

6) кез-келген жақсы медиация сессиясындағы сияқты, диалогтағы және қақтығыстарды шешу процесінде қатысушылардың жауапкершілігін көрсету;

7) халыққа бәрі бір қайықта екенін және дағдарысты еңсеру тек жалпыға бірдей күш салу арқылы мүмкін болатындығын көрсету;

8) басқа салалардағыдай, медиация заң үстемдігін толық сақтай отырып, сот жүйесімен тиімді өзара іс-қимыл жасағанда ғана жұмыс істейтін болады.

Қазақстанда медиация бойынша оқыту ұйымдарына ұсынымдар:

1) оқыту ұйымдарына сайтты қолдау және өзекті ақпаратпен жүйелі түрде жаңарту қажеттілігін түсіндіру;

2) пайдаланушыларды интернетте өздері жүгінетін медиаторлардың біліктілігін, мәртебесі мен тәжірибесін үнемі тексеруге үйрету;

3) медиаторларды даярлауды жүзеге асыратын ұйымдарға өздерінің медиациялық қызметтер тізімін әртараптандыру үшін қолдау көрсету;

4) медиаторлар арасында ең табысты тәжірибемен танысу мақсатында интравизияны ұйымдастыру;

5) медиаторларды оқытатын жұмыс істеп тұрған ұйымдардың өзекті тізімін қолдауға жауапты уәкілетті ұйымды айқындау;

6) уәкілетті органды айқындау немесе өзін-өзі реттейтін ортаға медиаторларды сертифициаттауды, оқыту бағдарламаларын аккредиттеуді және медиаторларды оқытатын ұйымдардың өздерін аккредиттеуді беру қажеттілігі жетілді.

Наразылық қозғалыстарына, митингілерге және этносаралық дауларға байланысты даулар мен қақтығыстарды реттеуде медиациялық техникаларды қолдану өз тиімділігін дәл қазір жүзеге асырылып жатқан түрде көрсетті, атап айтқанда:

1) митингтік және наразылық қозғалыстары пайда болған кезде «NUROTAN» партиясының қоғамдық қабылдау бөлмелерінің кеңейтілген құрамының жұмысы ұйымдастырылады, оған наразылық білдірушілердің негізгі сұраныстарын алып тастайтын волонтерлер де, наразылық білдірушілердің шынайы мүдделерін анықтап, қайшылықтарды неғұрлым толық шешу үшін сол немесе басқа ведомстволарға жібере алатын сарапшы мамандар да қатысады;

2) қоғамдық қабылдау бөлмелерінің кеңейтілген құрамына қатысушылардың медиациялық құзыреттерін күшейту, сондай-ақ медиациялық құзыреттерді жергілікті деңгейден республикалық деңгейге дейінгі барлық деңгейдегі қоғамдық қабылдау бөлмелерінің барлық тұрақты қызметкерлерінің негізгі дағдысы ретінде бекіту маңызды;

3) қоғамдық қабылдау бөлмелері мамандарының біліктілігін арттыру базалық құралдар мен медиациялық техникаларды білу, салалық саяси медиацияның барлық бағыттары мен әдістемелерін терең зерделеу арқылы жүзеге асырылуы тиіс.

Аталған жобаны іске асыру барысында медиаторлар арасында онлайн медиацияны жүргізу мәселелері бойынша шағын онлайн зерттеу жүргізілді.

Онлайн-медиацияны жүргізу кезіндегі медиатор-әріптестердің ұсынымдары:

1) онлайн медиация кезінде құжаттарға қол қоюда қиындық туындайтынын, эмоциялық байланысу мүмкіндігі жоқ екенін ескеру;

2) тараптардың қашықтықтан орналасуын реттеумен қиындықтар туындайды;

3) байланыстың сапасы мен тұрақтылығы нашар болуы мүмкін, интернет жылдамдығына тәуелділік бар;

4) процедураның басында біршама ыңғайсыздық болуы мүмкін және интернетке қосылумен байланысты проблемалар туындаса, барлық осы ықтимал проблемаларды ескеру қажет;

5) барлығы дерлік техникалық оқытылмағандықтан, кейде бұл эмоцияны төмендетіп, кейде жоғарылатуы мүмкін.

6) тараптар тұрмыстық мәселелерге алаңдауына және құпиялылық принципінен зардап шегуіне байланысты проблемалар туындайды;

7) тараптардың шешім қабылдауда сенімсіздік танытуы ықтимал;

8) процестің формальдылығын сезіну, сондай-ақ офлайн режимімен салыстырғанда айтарлықтай уақыт кетуі мүмкін;

9) медиация процесін толық көлемде бақылаудың мүмкін еместігі туындайды;

10) әдетте сөйлесуден жалғастырғысы келмеген жағдайда, клиент тұрақсыз байланысқа сілтеме жасайды, нәтижесінде олар офлайн режиміне өтеді.

11) артықшылықты көрсете отырып, жағдайды шешудің бірнеше нұсқасы болуы маңызды.

Әр тарап қандай басымдықтарды белгілейтінін білу. Барлық жауаптардың жазбасын жүргізу, қажет болған жағдайда келісім нұсқасын модельдеу;

12) жұмыс барысында түзетулер енгізуге талпыну және қажет болса енгізу қажет;

13) онлайн форматтан қорықпаңыз және сіз жақсы білетін салада өзіңіздің кәсіби шеберлігіңізді көрсету маңызды.

Онлайн-формат – бұл жай ғана басқа орта, медиацияның негізгі қағидалары мен принциптері, техникалары өзгеріссіз қалады;

14) құжаттарды дайындауға, зерделеуге, жалпы кездесуді жоспарлауға көп уақыт бөлу керек;

15) сенімді болу, күмәндануды болдырмау, бейтараптылық пен құпиялылықты сақтау маңызды;

16) онлайн – медиацияны күтуге уақыт болмаған және шешімдерді шұғыл қабылдау қажет болған жағдайларда ғана жүргізу маңызды екенін, сондай-ақ адамдар алыс болған кезде және келуге уақыт пен қаржы болмаған кезде ыңғайлы екенін есте сақтаңыз;

17) тараптардың құпиялылықты сақтау мәселелері бойынша өте мұқият болу маңызды.

Техникалық жағынан қарастырылған болса, кіру үшін парольдерді пайдалану.

18) әрқашан сенімді платформаларды таңдап, бейнеконференция режимінде өткізу.

Медиацияны жүргізу кезінде гибридік техникаларды пайдалану:

1) медиациялық техниканың әртүрлі түрлерін қолданудың халықаралық тәжірибесін талдау және оларды Қазақстанда қолдану практикасы олардың тиімділігі мен қажеттілігін көрсетеді;

2) Қазақстанда АРС кеңінен енгізу. Келіссөздерде, төрелікте, татуластыру рәсімдерінде, сондай-ақ медиацияда пайдаланылатын гибридік техниканы пайдалану;

3) қақтығыстарды шешу кезінде медиацияны неғұрлым тиімді пайдалану үшін заңнамалық деңгейде: а) медиацияның мамандануын бекіту; б) медиацияны қолдану салалары бойынша медиаторларға қойылатын кәсіби талаптарды айқындау қажет;

4) мамандандырылған медиация курсы бойынша оқу бағдарламасындағы сағат санын көбейту;

5) уәкілетті органға мамандандыру (отбасылық; мектеп; денсаулық сақтау саласында; коммерциялық; банктік және т.б.) бойынша медиаторлардың тізілімін жүргізу;

6) уәкілетті органға АРС – келіссөз жүргізушілер; төрешілер; делдалдар саласындағы мамандардың тізілімін жүргізу.

I-БӨЛІМ. Қазақстанда медиацияның қазіргі жай-күйі



Бұл тарауда қазіргі кезеңдегі Қазақстандағы медиацияның жай-күйі қарастырылады.

Қазақстандағы медиацияның қазіргі жағдайын түсіну үшін осы терминнің нені білдіретінін қарастырамыз. «Медиация» «mediare» – делдалдылық деген латын сөзінен шыққан. Осылайша, медиация үшінші, бейтарап, әділ, жанжалға мүдделі емес тараптың қатысуымен дауларды баламалы реттеудің жаңа нысаны болып табылады. Үшінші тарап ретінде дау немесе сот талқылауына қатысушыларға белгілі бір келісім жасауға көмектесетін медиатор бола алады, бұл ретте тараптар дауды реттеу бойынша шешім қабылдау процесін және оны шешу шарттарын толық бақылайды

Медиация азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқықтық қатынастар бойынша, сондай-ақ онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстық істер бойынша дауларда қолданылуы мүмкін. Азаматтар мен заңды тұлғалардың медиацияны неғұрлым кеңінен қолдануы сот жүйесіне жүктемені едәуір төмендетуге, сол арқылы басқа істерді шешу сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Халықаралық статистика деректері барлық даулардың 30-40%-ы медиация рәсімі арқылы өтетінін, ал олардың 85%-ында оң нәтижелерге қол жеткізілетінін көрсетеді.

Қазақстанда «Медиация туралы» Заң 2011 жылғы 5 тамызда күшіне енді және ҚР-да медиацияны ұйымдастыру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған, оның принциптері мен өткізу рәсімін, сондай-ақ медиатордың мәртебесін айқындайды. Медиацияның негізгі қағидаттары: еріктілік, құпиялылық, өзара сыйластық, тараптардың тең құқылығы, медиатордың бейтараптығы мен әділдігі, рәсімнің ашықтығы.

Сонымен бірге медиацияны кәсібилендіру, оның қажеттіліктеріне бағытталған техникаларын жүйелеу және өзара тиімді шешімді бірлесіп іздеу оны дәстүрлі медиациядан ерекшелендірді. Уақыт өте келе ол кәсіби

қызметке айналды, онда медиаторлар сараптамалық білімнің жаңа көлемін қалай игеретінін, қызметті сертификаттайтынын, өз тәжірибесін және олардың сапасын бақылайтын және олардың мәртебесіне кепілдік беретін кәсіби ұйымдармен байланысын көрсетеді. Сонымен бірге, қазіргі заманғы медиацияның өзінің институционалдық кеңістігі бар және сотпен және басқа да бизнес және азаматтық қоғам субъектілерімен тығыз жұмыс істей алатын мамандандырылған агенттіктер бар.

1.1 ҚР-дағы медиацияны құқықтық реттеу

Қазақстандағы медиация тұжырымдамасын 2009 жылы Қазақстан Республикасы Судьялар одағының V съезінде сөйлеген сөзінде ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев бекіткен болатын, ол сот тәртібімен қаралуға жататын даулар санын қысқартуға бағытталған жұмысты жүргізу қажеттігін белгілеп, дауларды шешудің баламалы тәсілдерін, оның ішінде татуластыру рәсімдері мен медиацияны енгізудің маңыздылығын атап өткен болатын.

ҚР Парламентінің «Медиация туралы» 2011 жылғы 28 қаңтардағы № 401-IV Заңын (бұдан әрі – «Медиация туралы» ҚРЗ) қабылдауы жеке құқықтық дауларды, оның ішінде татуластыру рәсімдерін пайдалана отырып шешудің соттан тыс тәртібін дамытуды айқындады. Сонымен қатар, Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту: жалпыға ортақ еңбек қоғамына жиырма қадам» мақаласында Үкіметке 2012 жылдың соңына дейін медиация институтын дамытуға бағытталған заңға тәуелді құқықтық базаның қабылдануын қамтамасыз етуді тапсырды, сондай-ақ ол медиация құрылымын ұлттық және ірі, жеке компанияларда құру керектігін атап өтті. Президенттің бұл талабы АҚШ, Австралия және басқа да шет елдерде барлық даулардың үштен біріне дейін соттың араласуынсыз медиация рәсімдері шеңберінде шешілуіне негізделген.

Сондай-ақ «Қазақстан-2050» Стратегиясында «елеусіз мәселелер бойынша барлық дауларды дауды соттан тыс шешу тәсілдеріне – яғни медиацияға беру қажет»¹ деп көрсетілді. Медиация институтына бірнеше рет жүгіну татуласуды жоғары әлеуметтік мақсат ретінде, ал медиацияны олардың ең тиімді институттарының бірі ретінде түсінуге негізделген. Мемлекет басшысының жеке беделінің арқасында Астана ислам қоғамдастығы шеңберінде де, өркениеттер арасында да диалог пен өзара түсіністіктің, бейбітшілік пен прогрестің эпицентріне айналуда. Қазақстанның жанжалсыз ұлтаралық және конфессияаралық қарым-қатынастарды жолға қоюдағы табысты тәжірибесі бүгінде батыс пен шығыс елдері үшін эталон ретінде танылды және болашақта өз жалғасын табады.² Қазақстан астанасы өзін ислам қоғамдастығы шеңберінде де, өркениеттер арасында да диалог пен өзара түсіністіктің, бейбітшілік пен прогрестің эпицентрі ретінде көрсетеді. Қазақстанның жанжалсыз ұлтаралық және конфессияаралық қатынастарды жолға қоюдағы табысты тәжірибесі Батыс пен Шығыс елдері үшін эталон ретінде танылды және болашақта өз жалғасын табады. Қазақстан өзін медиатор ретінде көрсетті: «Қазақстан Таулы Қарабақ пен Тәжікстаннан

¹ Қазақстан Республикасының президенті – Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауы.

² Тәуелсіздіктің 26 жылында Қазақстан қалай өзгерді. 17 желтоқсан 2017. ҚР Премьер-Министрінің «www.primeminister.kz» веб-сайты.

Иран мен Сирияға дейінгі өткір халықаралық дағдарыстарды шешуде қажетті медиаторға айналды».³

«Медиация туралы» ҚР Заңын енгізу кезінде мамандар оны дамытуға арналған базаны қазақстандық дәстүрлерден атап өтті. Мәселен, Жоғарғы Сот Төрағасы Б. Бекназаров медиация мен көптеген ғасырлар бойы қазақ даласындағы дауларды шешкен билер соты арасында ұқсастықты мысал ретінде келтірді. Билер медиаторлар ретінде туындаған дауларда делдал ретінде әрекет етті, бұл ретте осы лауазымға қандай да бір формальды тағайындау болған жоқ.⁴ Бұл пікірді басқа авторлар мен практиктер ұстанады. «Қазақ хандығының халық төрешілері қарапайым әрі барлығына пайдалы қызмет — делдалдық етті. Бұл әділ және нәтижелі келісім болды».⁵

Билер соты жоғары адамгершілік соты ретінде оның мызғымас негіздерін құрайтын, судьяның сатылмайтындығы, әділеттілік, сот шешімдерінің мәні мен моральдық бағдары, соттың қол жетімділігі мен жариялылығы, судьяның шешендік өнерді сот шешімін дәлелдеу және негіздеу құралы ретінде иеленуі, соттың тараптарды татуластыруға және құқық бұзушылықпен келтірілген залалды толық өтеуге бағытталуы сияқты іргелі принциптерге негізделді.⁶ Сондай-ақ белгілі үш Төле би, Әйтеке би және Қазыбек би қазақ әдет-ғұрыптарының (заңдарының) «Адат» «Жеті жарғы» алғашқы жүйеленген жинағының авторлары болып табылатындығы әділеттілік өлшемдеріне негізделген осындай медиаторлықтың жоғары құзыреттілігін куәландырады.

1.1.1. ҚР-ның медиация саласындағы заңнамасы

Нормативтік-құқықтық базаны қалыптастыру Қазақстанда медиацияны одан әрі дамыту үшін негізгі шаралардың бірі болып табылады. Мәселен, «Медиация туралы» ҚР Заңы Қазақстанда даулар мен қақтығыстарды реттеу құралы ретінде медиацияны дамыту және қолдану үшін құқықтық негіз құруға ықпал етті. Сондай-ақ ол медиацияны ұйымдастыру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, оны жүргізу қағидаттары мен рәсімін, сондай-ақ медиатордың мәртебесін айқындайды.

Заңның 1-бабы ҚР-да медиацияны қолдану аясын көздейді. Медиация жеке және (немесе) заңды тұлғалардың қатысуымен азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқықтық қарым-қатынастардан туындайтын барлық дауларға қолданылады.

Жалпы, медиация онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар туралы істер бойынша қылмыстық сот ісін жүргізуде мүмкін болады. Медиатор қылмыстық процеске қатысатын адамдардың қатарына жатқызылды, заң шығарушы медиация тәртібімен татуласуға қол жеткізу туралы келісім жасасу құқығын белгіледі.

³ Л.Т. Джумалиева. Қазақстанның әлемдік қауымдастықтағы орны мен рөлі. Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан.

⁴ ҚР Жоғарғы сотының (ЖС) төрағасы Бектас Бекназаров 30 қараша 2012 КазТАГ.

⁵ Газинур Гиздатов. 2011. Ұлы дада медиаторлары. Онлайн сапапшы <http://expert.ru/kazakhstan/2011/21/mediatoryi-velikoj-stepi/>

⁶ З.О. Мадыбаева Медиация, дауларды баламалы шешу тәсілдерінің бірі ретінде.

2014 жылы медиацияны қолдану саласы қылмыстық теріс қылықтармен және атқарушылық іс жүргізу шеңберінде туындайтын қатынастармен толықтырылды, өйткені медиация рәсімі осы кезеңде неғұрлым тиімді болғандықтан, атқару парағы бойынша өтеу тәртібі мен мерзімдері туралы барлық уағдаластықтарға тараптардың өздері ерікті түрде қол жеткізеді. Медиациялық келісімнің өзі атқарушылық іс жүргізу тараптарының нақты мүмкіндіктерін ескеруге мүмкіндік береді.

Қазақстанда қылмыстық процесте медиацияны кеңінен енгізуге БҰҰ мен Еуропа кеңесінің ұсынымдары, декларациялары мен қарарлары ықпал етті.

«Медиация туралы» Заңда медиация қолданылмайтын даулар нақты келтірілген:

– егер мұндай даулар (жанжалдар) медиация рәсіміне қатыспайтын үшінші тұлғалардың және сот әрекетке қабілетсіз не әрекетке қабілеті шектеулі деп таныған адамдардың мүдделерін қозғаса немесе қозғауы мүмкін болса, медиация рәсімі қолданылмайды.

Медиация рәсіміне тараптардың өздері қатысады, олар медиация туралы шарт жасасады және медиация рәсімінің өзі медиация қатысушыларына (тараптарына) қатысты ғана қолданылады. Сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған азаматтар медиация рәсіміне қатыса алмайды, өйткені ҚР азаматтық заңнамасы бойынша азаматтың әрекет қабілеттілігі өз әрекеттерімен азаматтық құқықтарға ие болуды және оларды жүзеге асыруды, сондай-ақ өзі үшін азаматтық міндеттер жасауды және оларды орындауды, атап айтқанда мәмілелер жасау қабілеті мен басқа да заңды әрекеттер және азаматтық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілікті қамтиды.

– сыбайлас жемқорлық қылмыстар және мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы өзге де қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша медиация рәсімі қолданылмайды.

– тараптардың бірі мемлекеттік орган болып табылатын кезде, жеке және (немесе) заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқық қатынастарынан туындайтын дауларға (даушарларға) медиация рәсімі қолданылмайды. Мемлекеттік орган – Конституциямен, заңдармен, өзге де нормативтік-құқықтық актілермен мемлекет атынан жалпыға міндетті жүрістұрыс қағидаларын айқындайтын актілер шығару жөніндегі функцияларды жүзеге асыруға; әлеуметтік маңызы бар қоғамдық қатынастарды басқару мен реттеуге уәкілеттік берілген мемлекеттік мекеме.

2-бап Заңда қолданылатын негізгі ұғымдарды тізбелейді:

1) дауды (дау-шарды) реттеу туралы келісім – тараптардың медиация нәтижесінде өздері қол жеткізген жазбаша келісімі.

Дауды (жанжалды) реттеу туралы келісім – медиация рәсіміңіз нәтижесін тіркейтін қорытынды құжат. Заңның 27-бабы 2-тармағына сәйкес жазбаша нысанда жасалады және медиация тараптары, даудың (даушардың) нысанасы, медиатор (медиаторлар) туралы деректер, сондай-ақ тараптар келіскен келісімнің шарттары, оларды орындау тәсілдері мен мерзімдері

және оларды орындамаудың немесе тиісінше орындамаудың салдары қамтылуға тиіс.

2) медиатор – осы Заңның талаптарына сәйкес кәсіби және кәсіби емес негізде медиация жүргізу үшін тараптар тартатын тәуелсіз жеке тұлға.

Заңның 9-бабы медиаторларға қойылатын арнайы талаптарды көздейді:

Тәуелсіз, бейтарап, істің нәтижесіне мүдделі емес, медиация тараптарының өзара келісімі бойынша таңдалған, медиаторлар тізіліміне қосылған және медиатордың функцияларын орындауға келісім берген жеке тұлға медиатор бола алады.

Медиатордың қызметі кәсіби негізде (кәсіпқой медиатор) және кәсіби емес негізде (қоғамдық медиатор) жүзеге асырылуы мүмкін.

Мыналар:

1) қырық жасқа толған және кәсіпқой емес медиаторлар тізілімінде тұрған адамдар;

2) Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне сәйкес сотта татуластыру рәсімдерін жүргізу кезінде судьялар медиатор қызметін кәсіби емес негізде жүзеге асыра алады.

Мыналар:

1) жоғары білімі бар, жиырма бес жасқа толған, Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2011 жылғы 3 шілдедегі № 770 нормативтік қаулысымен бекітілетін медиаторларды даярлау бағдарламасы бойынша оқытудан өткенін растайтын құжаты (сертификаты) бар және кәсіпқой медиаторлар тізілімінде тұрған адамдар медиатор қызметін кәсіби негізде **жүзеге асыра алады;**

Оқытудан өту қағидаларына сәйкес медиаторларды даярлау бағдарламасы 3 оқу бағдарламасынан тұрады: «Жалпы медиация курсы», «Мамандандырылған медиация курсы» және «Медиаторлар жаттықтырушыларын даярлау курсы» (тренерлерге арналған тренинг).

«Медиацияның жалпы курсы» Заңның 9-бабының талаптарына сәйкес келетін кәсіби медиатор болғысы келетіндердің барлығын дайындауға арналған және көлемі кемінде 48 сағат болуға тиіс. «Медиацияның жалпы курсы» оқу бағдарламасы бойынша сертификат алған адамдар медиацияны оқыту құқығынсыз кәсіби негізде медиатор ретінде практикалық қызметті жүргізуге құқылы.

«Мамандандырылған медиация курсы» мыналарға арналған:

1) «Медиацияның жалпы курсынан» өткен адамдарға;

2) нақты мамандық бойынша кәсіби медиаторды даярлау және көлемі кемінде 50 сағат болуға тиіс.

«Мамандандырылған медиация курсы» оқу бағдарламасы бойынша сертификат алған адамдар медиатор ретінде практикалық қызметті кәсіби негізде, оның ішінде нақты маманданумен, медиацияны оқыту құқығынсыз жүргізеді.

«Медиаторлар жаттықтырушыларын даярлау курсы» медиация бойынша оқыту өткізгісі келетін кәсіби медиаторды даярлауға арналған және көлемі кемінде 32 сағат болуға тиіс. Бұл ретте кәсіби медиатордың «Жалпы медиация

курсы» және «Мамандандырылған медиация курсы» оқу бағдарламалары бойынша сертификаттары болуы тиіс.

Шетелде медиатор мәртебесін алған және Қазақстан Республикасында медиатор қызметін кәсіби негізде жүзеге асырғысы келетін адам «Жалпы медиация курсы» және «Мамандандырылған медиация курсы» оқу бағдарламалары бойынша даярлықтан өту міндетінен босатылады, бірақ тиісті сертификат бере отырып, медиаторларды кәсіптік даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі бекітілген оқу бағдарламалары бойынша медиаторлар ұйымында аттестатталуға жатады.

3) отставкадағы судьяларға арналған.

«Медиация туралы» ҚР Заңында өз қызметін кәсіби негізде жүзеге асыратын медиаторлармен қатар медиацияны жергілікті қоғамдастықтың жергілікті жиналысы (жиыны) сайлайтын, осы мақсаттар үшін өмірлік тәжірибесі мол, беделі мен мінсіз репутациясы бар жергілікті қоғамдастық мүшелері жүргізе алатыны көзделген.

Медиатор қызметі кәсіпкерлік қызмет болып табылмайды. Медиатор қызметін жүзеге асыратын тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған кез келген өзге қызметті де жүзеге асыруға құқылы.

Мыналар:

- 1) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті және оған теңестірілген;
- 2) заңда белгіленген тәртіппен сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған;
- 3) оған қатысты қылмыстық қудалау жүзеге асырылатын;
- 4) заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адам медиатор бола алмайды.

Медиация тараптарының келісімімен медиаторға қойылатын қосымша талаптар белгіленуі мүмкін.

3) медиаторлар қауымдастығы (одағы) – медиаторлар ұйымдарының қызметін үйлестіру мақсатында, сондай-ақ олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін құрылатын ұйым;

Қауымдастықтар медиаторлардың кәсіби қызметінің стандарттарын, медиация рәсімін өткізу регламентін және медиация тараптарының медиаторларға сыйақы мөлшерін әзірлейді.

4) медиаторлар ұйымдары – медиаторлардың Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін медиацияны дамыту жөніндегі ортақ мақсаттарға қол жеткізуі үшін олардың ерікті негізде бірігуі үшін құрылатын коммерциялық емес ұйымдар;

Медиаторлардың ұйымдары:

– коммерциялық емес, мемлекеттік емес, өзін-өзі қаржыландыратын және өзін-өзі басқаратын болып табылады;

– медиаторлардың бастамасы бойынша «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ұйымдық-құқықтық нысандарда құрылады;

– олардың «медиация бойынша тиісті даярлықтан өткені туралы құжат (сертификат) бере отырып, медиаторларды кәсіби даярлау және біліктілігін арттыруды жүргізуге» құқығы бар, ал оның мүшесі болу ерікті түрде;

– Қазақстан Республикасының аумағында медиацияны жүзеге асыратын кәсіби медиаторлардың тізілімін жүргізеді.

5) медиация – тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізуі мақсатында медиатордың (медиаторлардың) жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дауды (дау-шарды) реттеу рәсімі;

6) медиация тараптары – медиация рәсіміне қатысатын, осы Заңның 1-бабының 1-тармағында аталған қатынастар субъектілері;

Медиация рәсімінің тараптары жеке тұлғалар (ҚР азаматтары, азаматтығы жоқ тұлғалар) және заңды тұлғалар (шетелдік заңды тұлғалар, халықаралық ұйымдар) бола алады. Заң шығарушы медиацияға қатысушылардың құрамын шектемейді.

7) медиация туралы шарт – тараптардың медиация басталғанға дейін дауды (дау-шарды) шешу мақсатында медиатормен жасасатын жазбаша келісімі.

ҰСЫНЫМДАР:

1) кәсіби медиация үшін қажетті талап ретінде «жасы» алынып тасталсын және «біліктілік талаптарымен» ауыстырылсын.

2) осы қызметтің сапасын жақсарту мақсатында медиация бойынша магистрлік бағдарламаларды әзірлеу бойынша АҚШ пен ЕО практикасын енгізу.

Медиатордың қызметі кәсіби негізде де (кәсіби медиатор), сондай-ақ кәсіби емес негізде де жүзеге асырылуы мүмкін.

Мыналар:

– қырық жасқа толған және кәсіпқой емес медиаторлар тізілімінде тұрған адамдар;

– Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне сәйкес сотта татуластыру рәсімдерін жүргізу кезінде судьялар медиатор қызметін кәсіби емес негізде жүзеге асыра алады.

3) Еуропа елдерінің үлгісі бойынша «кәсіби емес медиатор» анықтамасын «әлеуметтік медиатор» анықтамасымен ауыстыру.

4) «Мамандандырылған медиация курсы» атауын «медиацияны қолдану саласы» атауымен ауыстыру.

5) бір бағыт бойынша «Мамандандырылған медиация» курсы енгізу.

6) қолданыстағы бағдарламаларға енгізілмеген «қақтығысты талдау» тақырыбы бойынша оқытуды кеңейту.

Шетелде медиатор мәртебесін алған және Қазақстан Республикасында медиатор қызметін кәсіби негізде жүзеге асырғысы келетін адам «Жалпы медиация курсы» және «Мамандандырылған медиация курсы» оқу

бағдарламалары бойынша даярлықтан өту міндетінен босатылады, бірақ тиісті сертификат бере отырып, медиаторларды кәсіптік даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі бекітілген оқу бағдарламалары бойынша медиаторлар ұйымында аттестатталуға жатады.

Басқа негізгі ұғым – медиаторлар қауымдастығы (одағы) – медиаторлар ұйымдарының қызметін үйлестіру мақсатында, сондай-ақ олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін құрылатын ұйым. Медиаторлар ұйымдары – медиаторлардың Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін медиацияны дамыту жөніндегі ортақ мақсаттарға қол жеткізуі үшін олардың ерікті негізде бірігуі үшін құрылатын коммерциялық емес ұйымдар. Медиаторлар ұйымдары коммерциялық емес, мемлекеттік емес, өзін-өзі қаржыландыратын және өзін-өзі басқаратын ұйым болып табылады. Медиаторлардың бастамасы бойынша «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ұйымдық құқықтық нысандарда құрылады. Медиаторлар ұйымдары «медиация бойынша тиісті даярлықтан өткені туралы құжат (сертификат) бере отырып, медиаторларды кәсіби даярлау және біліктілігін арттыруды жүргізуге» құқығы бар, ал оның мүшесі болу ерікті түрде. Әрбір медиаторлар ұйымы Қазақстан Республикасының аумағында медиацияны жүзеге асыратын кәсіби медиаторлардың тізілімін жүргізеді.

Медиаторларды даярлаудың маңызды мәселесі – медиаторларды оқытатын ұйым оларды сертификаттайды, бұл дұрыс емес. Әлемдегі мұндай практика ұзақ уақыттан бері орынсыз болып келеді. Ол сондай-ақ Қазақстан бойынша жақсы нәтижелер бермейді – медиаторлар ұйымдары өз тізілімдеріне басқа ұйымдар оқытқан адамдарды қоспайды. Сонымен қатар, Қазақстанда медиаторлардың бірыңғай тізілімі жоқ.

7) «Кім оқытса, ол сертификаттамайды» деген ережені енгізу;

8) уәкілетті органға немесе ұйымға оқытылған медиаторларды сертификаттау құқығын беру;

9) уәкілетті орган Қазақстанда медиаторлардың жалпы тізілімін өзі белгілеген өлшемдер бойынша жүргізе алады.

Қазақстан Республикасында медиация мынадай қағидаттар (Заңның 4-бабы) негізінде: еріктілік; тең құқықтылық; медиатордың тәуелсіздігі мен бейтараптығы, яғни жалпы қабылданған қағидаттар негізінде жүргізіледі. Мүдделер қақтығысы анықталған жағдайда медиатор медиацияны жүргізуден бас тартуы тиіс.

Тәуелсіздік және бейтараптық қағидаттарын сақтаудың кейбір кепілдіктерін заңнамалық деңгейде белгілеу қажет. Медиатор ретінде қатысуды өтінген жағдайда құзыретті органдарға оның әділдігіне немесе тәуелсіздігіне қатысты негізделген күмән тудыруы мүмкін кез келген мән-жайлар туралы хабарлау керек.

Медиатор бұл қағидатты оған жүгінген кезден бастап ғана емес, бүкіл медиация рәсімін жүргізу барысында да сақтауға міндетті.

Татуластыру рәсімдерінің қолданылу саласын одан әрі кеңейту мақсатында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты 2014 жылғы сәуірден бастап

судьяның қатысуымен азаматтық сот ісін жүргізуге татуластыру рәсімдерін енгізу жөніндегі пилоттық жобаны, яғни сот медиациясын іске қосты.

Пилоттық жобаның мақсаты татуластыру рәсімдерін жүзеге асыратын судьяның көмегімен дауды реттеу арқылы азаматтық сот ісін жүргізуге сот медиациясын енгізу болып табылады.

Пилоттық жоба үш негізгі бағыт (сегменттер): ұйымдастырушылық, ақпараттық және білім беру бойынша іске асырылады.

Сот медиациясы АПК-да өз орнын алды және соттарда белсенді қолданылады.

2017 жылғы 26 қаңтарда ҚР Жоғарғы Соты медиацияны одан әрі дамыту және азаматтық сот ісін жүргізуді енгізу мақсатында медиация тәртібімен даулардың жекелеген санаттары бойынша дауларды (жанжалдарды) сотқа дейін реттеуді енгізу жөніндегі пилоттық жобаны іске қосты. Мұндай дауларға мыналар жатады: 1) баланың мүддесі үшін; 2) еңбек; 3) мұрагерлік; 4) көршілер арасында жер учаскесінің шекарасын анықтау туралы, пәтерлерді су басу туралы; 5) шығару туралы, кондоминиумды басқару мәселелері бойынша; 6) некені бұзу және мүлікті бөлу туралы; 7) қарыз шарттары бойынша; 8) сақтандыру шарттары бойынша.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасының 2017 жылғы 26 шілдедегі өкімімен жоғарыда көрсетілген өкімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, сондай-ақ пилоттық жобаны жүргізу мерзімі 2017 жылғы 31 желтоқсанға дейін ұзартылды.

Оның негізінде медиацияны жүргізуді қажет ететін санаттардың тізімі толықтырылды: мүлікке меншік құқығы туралы; жеткізу, жалға алу, сатып алу-сату, тасымалдау шарттары бойынша; тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы; корпоративтік даулар бойынша; медициналық қызметтер көрсетуге байланысты.

ҚР Жоғарғы Сотының 2014 жылғы пилоттық жобасына қарағанда 2017 жылғы пилоттық жобада білім беру бағыты жоқ.

Пилоттық жобаның негізгі мақсаты мен міндеті татуластыру рәсімдерін қолдану саласын кеңейту, азаматтардың сот шығыстарын барынша азайту, халықтың дауды соттан тыс реттеуге мүдделілігін анықтау болып табылады.

1.2 Медиаторларды оқытумен айналысатын қазақстандық ұйымдарды талдау

